



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

**РОЭК ОӘБ мәжілісі аясындағы
«УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН
ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ» АТТЫ
47-ШІ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

26-27 қаңтар 2017 жыл

4 КІТАП

**МАТЕРИАЛЫ
47-ОЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ
И ЭКСПОРТНОГО ПОТЕНЦИАЛА
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ УНИВЕРСИТЕТОВ»
в рамках заседания УМО РУМС**

26-27 января 2017 года

КНИГА 4

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени аль-ФАРАБИ



РОӘК ОӘБ отырысы аясындағы
«УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ
ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ» атты
47-ші ғылыми-әдістемелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

26-27 қаңтар 2017 жыл

4-кітап

МАТЕРИАЛЫ
47-ой научно-методической конференции
«ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ
И ЭКСПОРТНОГО ПОТЕНЦИАЛА ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ
УНИВЕРСИТЕТОВ»
в рамках заседания УМО РУМС

26-27 января 2017 года

Книга 4

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

Затов Қ.А. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН ҚАТЫНАСТАРЫ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	127
Ибрагимова М.Н., Нусупбаева С.А., Тойшубекова Ж.К. ОТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	128
Иманалиева Ғ.Қ. МЕДИА-МӘТІНДЕРІНДЕГІ ЭМОТИВТІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ БЕРІЛУІ.....	131
Кальш А.Б., Исаева А.И. К МЕТОДОЛОГИИ ЭТНОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ.....	134
Қамзин К. «ЖУРНАЛИСТИКАҒА КІРІСПЕ» ПӘНІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ КЛАССИКАЛЫҚ ӨНЕР ҮЛГІЛЕРІНІҢ РОЛІ.....	136
Қартабаева Е.Т. «ИСЛАМ ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ДІНИ ЖҮЙЕЛЕРДІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ» ПӘНІНДЕ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУДІ ҰШТАСТЫРУ.....	141
Касымова Г.М. ГАРМОНИЗАЦИЯ ПРОЦЕССА ОБУЧЕНИЯ ПОЛИЯЗЫЧИЮ ИЗ ПРАКТИКИ УНИВЕРСИТЕТА СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЯ.....	143
Кәрібаев Б.Б. ЕЛБАСЫНЫҢ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ЖОО СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДА ТИІМДІ ТҮСІНДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	145
Ким А.М., Джаркешев К.И., Рогалева Л.Н., Бредихина Я., Лоцанов М. МЕНТАЛЬНЫЙ ТРЕНИНГ И ЕГО РОЛЬ В САМОРАЗВИТИИ И САМООБРАЗОВАНИИ ЧЕЛОВЕКА В СПОРТЕ И ЖИЗНИ.....	146
Конуспаев С.Р., Журтбаева А.А. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ РЕЗУЛЬТАТОВ НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ПРИ ПОДГОТОВКЕ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ.....	148
Кудайбергенова С.К., Мадалиева З.Б., Баймолдина Л.О. ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ОРГАНИЗАЦИИ ЭКЗАМЕНАЦИОННОЙ СЕССИИ В ВУЗЕ.....	149
Кулиев И.О., Иляшова Г.К. БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ РОЛІ.....	151
✓ Кыдырбаев Б.М. КОРЕЙ ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ ӘДІСІ.....	154
Кылышбаева Б.Н., Дүйсенова С.М. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ КОНФЛИКТОЛОГИИ ДЛЯ БУДУЩИХ СОЦИАЛЬНЫХ РАБОТНИКОВ.....	156
Қалиолла А., Анипина А.К. МӘДЕНИЕТТІК БІЛІМ – САПАЛЫ АУДАРМАНЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ.....	158
Қалымбетова Э.К., Болтаева А.М. БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ.....	160
Қалымбетова Э.К., Дүйсенбеков Д.Д. ӨМІР БАРЫСЫНДА БОЛАШАҚ КӘСІБИ ЖОСПАРДЫ ҚҰРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСТАРЛАРЫ.....	162
✓ Қамбарбекова Ғ.Ә. ШЫҒЫСТАНУШЫ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУДАҒЫ КАДРМЕН ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТЕРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІ.....	164
Қаражан Қ.С. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	167
Қожахметов Б.Т., Мукалиев Ж.Қ., Ақмолдаева Б.Қ. КАДАСТР МАМАНДЫҒЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ «ФОТОГРАММЕТРИЯ» ЖӘНЕ «ЖЕРДІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ЗОНДЫЛАУ» ПӘНДЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	169
Қозыбақова Ф.А. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ.....	171
✓ Қойбақова А.С., Шарыпқазы Н. ҚЫТАЙ ТІЛІН ҮЙРЕНУ МЕН ОҚЫТУДАҒЫ МӘДЕНИЕТТІҢ ОРНЫ.....	173
✓ Қортабаева Г.Қ., Ешметова Б.Б. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ФОНЕТИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ ОҚЫТУ.....	174
Құлжанова Б.Р. ӨЗ БЕТІНШЕ БІЛІМ АЛУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ.....	177
✓ Кыдыр Т. АРАБ, ПАРСЫ ТІЛДЕРІН ҮЙРЕНЕТІН СТУДЕНТТЕРГЕ ЕСКІ ҚОЛЖАЗБАЛАРДЫ ОҚЫТЫП ҮЙРЕТУДІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	178
Лашук М. РАЗВИТИЕ АЭРОКОСМИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	179
Махарова Г.С., Тастемирова Б.И. КЕЙБІР АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ – ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ АУДАРМАДАҒЫ ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ.....	181
Медетбекова П.Т., Исмаилова Н.А. ЖИЛІК СӨЗДІКТІҢ ТІЛДІ ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ.....	185
Медеубекұлы С. ЖУРНАЛИСТИКА МАМАНДАРЫНЫҢ НАРЫҚТЫҚ ТАЛАПТАРҒА САЙ КӘСІБИ БІЛГІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯ ҚИЫНДЫҚТАРЫ.....	187
Мәмбетова М.Қ., Мәмбетова А.Қ., Медетбекова П.Т. ТІЛДІК САНАДАҒЫ КЛИШЕЛІК ҚҰРЫЛЫМДАРДЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ.....	191
Мәтбек Н.Қ. ШЕТЕЛДІК ТЫҢДАУШЫЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖАЛҒАУЛАРЫН МЕНГЕРТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	194
Мәтбек Н.Қ., Оразбаева Х.Қ. ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ ТЫҢДАУШЫЛАРЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕ МЕНГЕРТУ ЖОЛДАРЫ.....	196
Мәулет Б., Ахметбек Г. ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДІ ОҚУТЫДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....	198

2. Қазақстан Республикасы 2015 ж. Дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Республика ұстаздары, 2004. 24

3. Шолпанқұлова Г. Педагогика ғылымында пәнаралық байланыс дамуының теориялық негізі // Ұлт тағылымы, 2005. № 6. 102-106.

4. Қ.Аманжолова. Қазақ ССР тарихын оқытуда көркем әдебиетті пайдалану. Алматы: Мектеп, 1989. - 84 б.

5. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. Алматы. К-1, 2001.-б. 230-234.

Қойбақова А.С., Шарыпқазы Н.

ҚЫТАЙ ТІЛІН ҮЙРЕНУ МЕН ОҚЫТУДАҒЫ МӘДЕНИЕТТІҢ ОРНЫ

Аңдатпа. XX ғасырдың екінші жартысы мен жиырма бірінші ғасырдың басынан бастап тілді оқыту мен үйретуде мәдениетті біріктіруге үлкен қызығушылық туындады. Мәдениет - тілді үйренуде маңызды компонент болып саналуда. Шет тілін білу шет тілін оқыту мен үйретуде негізгі мақсат болып табылса, ал мәдениетті білу шет тілін оқыту мен үйренуді жеделдеті түседі. Бұл мақалада қытай тілін оқыту мен үйренуде мәдениеттің алар орны ерекше екендігі, сонымен қоса, оны қандай тәсілдер қолдана отырып оқытуға болатыны жайлы сөз қозғалады.

Түйін сөздер: мәдениет, кілт сөздер, полисемия, реалий

Қазіргі тіл білімінде тіл мен мәдениет байланысына арналған зерттеулер көптеп кездеседі. Бұл зерттеулерде тілдігі ұлттық танымды, ұлттық рухты, ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған жұмыстар сөз болып келеді. Халықтың ой - санасы, тұрмыстық және географиялық ерекшеліктері, мәдени және тарихи реалийлары тілі мен ділінен көрініс табатыны сөзсіз.

Мәдениет бірнеше ғасырдан бері гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласында зерттеу нысанына айналып келеді. Мәдениетке берілген көптеген анықтамалардың ішінен Американың лингвист әрі антрополог Уильям Сепирдың кең тараған анықтамасына тоқталсақ, ол тіл мәдениеттің біртұтастығын ашып көрсететін маңызды әдіснамалық көзқарастарын ұсына отырып: «Мәдениет - белгілі бір қоғамның әрекеті мен ойлауының жиынтығы, ал тіл қалай ойлаудың көрінісі. Ендеше, тіл мазмұны мәдениеттің бөлінбейтін бөлшегі», - деген тұжырымды жасайды, яғни мәдени концепция нақты бір адамдардың жалпы көзқарастары, өмірге көзқарастары, мәдениеттің нақты көріністері деген пікірде [1]. Ал А.Вежибицкая: «Каждый язык национально специфичен. При этом в языке отражаются не только особенности природных условий и культуры, но и своеобразие национального характера его носителей», - дейді [1].

Мәдениет оның ішінде қытай мәдениеті зерттеушілер, оқытушылар мен студенттер үшін өте күрделі әрі қызықты тақырып. Қытай мәдениеті бес мыңжылдан астам тарихы бар бай мұра. Әрқайсысының өз дәстүрі, салт-дәстүрі мен әлеуметтік нормалары бар елуден астам этникалық топ өмір сүріп жатқан аспан асты елінде мәдениет ошақтары қайнап жатыр. Ал бұл мәдениеттердің сақталып қалуына тікелей ықпал еткен қытай тілі мәдениетіне күмәніміз жоқ. Қытай тілі мен мәдениетінің тығыз байланысы қытай ұлтының тарихындағы әртүрлі дәстүрлерден, дәстүрінен жарқын көрініс тапқан. Тарихта көптеген мәдени құбылыстар мен мәдени жәдігерлер, дәстүрлер мен мәдени көзқарастар қоғамның өзгеруімен құбылып немесе жойылып кеткенмен, олардың ізі қалыңдықтарына қытай тілінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа таралып отырған.

Қытай тілінің ықпалын қытай мәдениетінің көп тұстарынан көреміз. Соның бір мысалы ретінде салт-дәстүрлерін алсақ, салт-дәстүр мен тілдің бір-біріне өмір сүре алмайтынын байқауға болады. Мысалы, қытайдың ауылдық жерлерінде мынадай дәстүр болған, үйлену тойы күнінен бұрын күйеу жігіттің үйіне қалыңдықтың жасауын әкелген. Олар: киім-кешек, жатын бөлме бұйымдары және міндетті түрде сарымсақ, қызыл және балдыркөк. Себебі балдыркөк (qing), пияз (cong) және сарымсақ (suan) сөздерінің дыбысталуы «еңбекқор», «санау», «ақылды» деген сөздердің дыбысталуымен бірдей келеді. Яғни қалыңдықтың ақылды, еңбекқорлығын білдіреді. Қытай тілінде мұны «谐音» «омофондар» деп атайды. Ал, ортағасырлық қытайда «сәбиді шомылдыру» дәстүрі болған екен. Барлық туған-туыстары жиналып, баланы су толтырылған ыдысқа отырғызып, суға ақша мен пияз салған. Ондағы мақсат балаға байлық пен сана берсін деп ырымдаған. Ежелгі Қытайда достар қоштасар сәтте бір-біріне талдың бұтақтарын сыйлаған. «Тал» (liu) сөзінің дыбысталуы «қалу» (liu) ұқсас, осы арқылы қоштасар сәтті қимай тұрғанын, кетпегенін қалайтынын білдірген.

Тілмен қатысты рәсімдер мен жоралғылар да өте көп, соның бірі жаңа жылдық дастарханда балықтың ниетті түрде болуы. Себебі «балық» сөзінің дыбысталуы «молшылық», «тоқшылық» сөзімен сәйкес келгендіктен, қытайлықтар «жыл сайын балық болсын» дей отырып, «жыл сайын молшылық болсын» деген ниетте болады. Жақсы ниетті ырымдардан басқа, тыйымдардан да тілдің тікелей қатысын көре аламыз. Мысалы, жалпы қытайлықтар бір-біріне қабырға сағаттарын сыйламайды. Себебі «сағат» zhong сөзінің дыбысталуы «біту, соңы» сөздің дыбысталуымен бірдей. Яғни сағат сыйлау арқылы ол адамға өлім тілейді деп саналған. Ал қол сағаттары басқаша дыбысталады, оны сыйлай береді. Сол сияқты ғашықтар мен ерлі-зайыптарға қолшатыр, алмұрт сыйламайды. «Қолшатыр» «san» және «алмұрт» «li» дыбысталуы «жарылысу, ажырасу» сөздерінің дыбысталуымен сәйкес келеді. Сонымен қоса кейбір ырымдар заттың неге берілгеніне емес, оның фонетикалық немесе иероглифтік белгісіне қарай да пайда болған. Мысалы, «табыт» (guan-cai) халық арасында әрқашан бақытты бұйым саналған. Бұл «табыт» (guan-cai) сөзінің қытай тілінде «жасу» және «байлық» сөздерінің дыбысталуымен ұқсастығынан туындаған [2]. Ал бұл зат балық пен балықтың өсуінің символына айналған.

Осындай мысалдардан тілдік құбылыстардың қытайлықтардың қоршаған ортаны қабылдауына қаншалықты ықпал ететінін көруге болады.

Шет тілін үйрену мәдени танымның дамуымен алға жылжиды. Қытай тілі грамматикалық жағынан емес, мәдени элементтерінің басымдығы жағынан да ерекшеленеді. Оқытуды ыңғайлы ету үшін мәдениетін бес категорияға бөліп қарастырсақ болады. Олар: дәстүр, қарым-қатынас, рәсімдер, сенім-әлеуметтік тәртіп. Оқытушылар студенттердің оқыту сапасын көтеру мақсатында бұларды оқыту процесіне қоса алады. Дәстүрлерге: атаулар, қытай иероглифтерінің қалыптасуы, мерекелер, ірі тарихи оқиғалар, музыка, әскери өнер, медицина және отбасын қарастыруға болады. Ал қарым қатынас категориясында достық, қарулы қарапайымдылық, ерлік, мейірімділік, абырой, отансүйгіштік, білім. Рәсімдер: неке, жерлеу, баланын туғандық туыстық қатынас, қамқорлық көрсету. Дін категориясына: өмір мен өлім, конфуцийшілдік, даосизм, буддизм-әлеуметтік тәртіпке: тамақтану, ішімдіктер (шэй, алкогольдік ішімдіктер т.б.) жатады. Бұл жағынан қытай тілін оқыту жоспарына барлығын қамту қиын, бірақ қытай мәдениетінің негізгі тұстарын тілді оқыту кеңінен қолдануға болады. Мысалы, қытайлықтар мереке кезінде не істейді? Отбасы қытайлықтар үшін қаншалықты маңызды? Қытай этникалық топтарының бір-бірінен ерекшелігі қандай? Қытайлықтар бір-біріне құрметті қалай көрсетеді? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін оқытушы бұлар туралы жалпы түсінік қалыптастыруы қажет.

Мәдени элементтерді тілдік оқытуда А. Вежбицкая мен Майерс ұсынған әдістемелерді қолдануға болады. Бұл әдістеме бойынша, кілт сөздер қытай мәдениетін оқыту мен үйренуде басты орын алады. А. Вежбицкая кілт сөздер сол қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың өмір сүру қалпы мен ой-санасын сипаттайтын ерекше категория деп баға береді. Ал Майерс полисемияларды қолдануды ұсынады. Полисемия әртүрлі мағыналары бір-бірімен байланысты сөздер тобы. Мысалы, сәлемдесу ретінде студенттер тек қана «Сәлем! 你好 hǎo, 早晨好 zhāochén hǎo немесе 老师早 lǎoshī zǎo “қайырлы таң!” 晚安 wǎnān “қайырлы түн!”, 好好休息 hǎohǎo xiūxi «жақсылап демал!» немесе 再见 zàijiàn “сәу бол!” деп айтуды ғана емес, олардың мағыналарын ажыратып білуі маңызды. Егер қытайлық одан жай ғана “怎么样 zěnmeyàng”, “қалайсың?” деп сұраса, “很好 hěnhǎo «өте жақсы» деп жауап бергені дұрыс.

Қытай мереке-мейрамдары да мәдениеттің бөлінбес бір бөлшегі. Оларды оқыту процесіне енгізу арқылы студенттердің қытай мәдениеті туралы білімі кеңейе түседі. Бұл жағдайда кілт сөздердің маңызы зор. Мысалы, Қытайдың орта күз мерекесін сипаттай келе төмендегідей кілт сөздерді қолдануға болады.

(А) 中秋节是阴历八月十五. zhōngqiūjié shì yīnlì bā yuè shíwǔ “Күз ортасы мерекесі ай күнтізбесі бойынша сегізінші айдың онбесі күні атап өтіледі”.

(Б) 这一天, 中国人吃很多好吃的东西, 还特别要吃月饼. zhè yī tiān, zhōngguó rén chī hěnduō hǎochī de dōngxi, hái tèbié yào chī yuèbǐng” [3] Бұл күндері қытайлықтар көптеген дәмді тағамдардан ауыз тиеді, әсіресе ай шеппектерін жеу қажет.”

(С) 月饼常常是圆的, 是一种点心, 有时候做得很甜, 我不太喜欢吃. «yuèbǐng chángcháng shì yuán de, shì yīzhǒng diǎnxīn, yǒushíhòu zuò de hěn tián, wǒ bù tài xǐhuan chī» [3]. «Ай шеппектері - домалақ келетін торт түрі, кейде өте тәтті болып келеді, мен оны аса ұнатпаймын»

(D) 吃月饼的时候, 人们常常坐在外面赏月. chī yuèbǐng de shíhòu, rénmen chángcháng zuò zài wàimiàn shāng yuè [3] «Ай шеппектерін жеген кезде адамдар көбінесе сыртта айды тамашалайды»

(Е) 这就是为什么 中秋节有时候也叫月饼节. zhè jiùshì wèishénme zhōngqiūjié yǒushíhòu yě jiào yuèbǐng jié [3]. «Міне осы себептен де күз ортасы мерекесін ай шеппектері мерекесі деп те атайды»

Бұл қысқа параграфта күз ортасы мерекесін сипаттайды. Негізгі тақырып «ай шеппектері». Майерс әдістемесі бойынша студенттерге «ай шеппектерінің» мәнін түсіну үшін септігі тиеді.

Дәстүрлі әдістемелер бойынша мәдениет тіл оқытудың бөлінбес бөлшегі болып саналмайтын. Ал көптеген зерттеушілер, оның ішінде қытай зерттеушілері мәдениеттің маңыздылығын мойындауда. Сондықтан мәдениетті тілді оқытуда жүйелі түрде енгізу керек деп есептейміз. Студенттердің мәдени құзыреттіліктерін тілдік құзыреттіліктермен қатар қалыптасуы қажет.

Қытай тілін оқыту мен үйренуде мәдениеттің рөлі орасан зор. Оны бір мақалаға сыйдыру мүмкін емес. Бірақ мәселе ары қарай жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. М., 2000. С. 29-30.

2. 郭锦桴 汉语与中国传统文化. 商务印书馆 出版社. 2009 年. 9-13 页

3. Janet Zhiqun Xing. Teaching and learning Chinese as a foreign language. A pedagogical grammar. Hong Kong University Press. 2006 p.168.

Қорғабаева Г.Қ., Ешметова Б.Б.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ФОНЕТИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ ОҚЫТУ

Аңдатпа. Ұсынылып отырған мақалада түркі тілдеріндегі фонетикалық құбылыстарды жалпытүркі ататілмен байланыстырады, фонетикалық үрдістер мен фонетикалық өзгерістер де түркі тілдерінің басқа бұтақтарын негізделген. Түркі тілдерінде ертеден ротацизм, йотация сияқты өте қызықты фонетикалық құбылыстар бар екендігі анық болды. Чуваш тілімен ұқсас дауыссыз z және ð дыбыстарының рефлексі түркі